

Ұ.Б. Төлешова* , Ұ.Қ. Қияқбаева , Ғ.Т. Абилбакиева 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: ulmekentoleshova@bk.ru

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Мақалада жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастырудың өзекті мәселелері қарастырылған. Жасөспірімдер ерекше әлеуметтік топ ретінде қазіргі қоғамдағы теріс ағымдардың ықпалына бейім. Мектеп оқушыларының бос уақытында жағымды және жағымсыз жағдайлары мен мінез-құлқы барынша айқын көрінеді, олар әлеуметтік өзгерістердің зардаптарына көбірек бейім. Жасөспірімдердің тәуекелге баратыны белгілі; жасөспірім үшін экстремалды болу – заман ағымына ілесу, ілгерілеу, даму. Қазіргі уақытта жасөспірімдердің бос уақытын өткізу құралдары – әлеуметтік желілер (Instagram, Tik-tok, YouTube), қоғамдық коммуникация алаңдарының кеңістігі, жастардың қоғамдық коммуникация платформаларына тәуелділігі дамуы мүмкін. Сондықтан бұл платформалар кеңістігіндегі ақпараттың сапасы, оның мінез-құлқына, қарым-қатынасына, балалардың тұлғалық дамуы мен рухани-адамгершілік тәрбиесіне әсері мұғалімдер мен жұртшылықтың қосымша ізденісін, жұмысын талап етеді. Интернетте көбірек уақыт өткізетін жасөспірімдер, ең алдымен, достарымен, ересектермен және ата-аналарымен қарым-қатынасын жоғалтады. Компьютерлік технология дәуірінде адамдар виртуалды қарым-қатынасқа басымдық бере бастады. Қысқа хабарламалар арқылы жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынасты шектеу, сөздік қорын қысқарту, орфографиялық ережелерді сақтау т.б мәселелер туындайды. Жасөспірімдердің мінез-құлқының құбылмалы болуына байланысты олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, хоббиін дамыту, түрлі тәрбиелік шараларды ұйымдастыру қажет. Алматыда 7-8-сынып оқушыларының 100 оқушысы шығармашылық пен көпшілдік деңгейін анықтауға арналған диагностикалық зерттеуге қатысты. Жасөспірімдермен «Қолжетімді демалыс» жобасы жүзеге асырылды, оған мектеп оқушылары мұражайлар мен кітапханаларға барып, оларды волонтерлік қызметке тартады.

Түйін сөздер: жасөспірімдік кезең, бос уақыт, коммуникация, технология, Instagram, Tik-tok, YouTube, коммуникациялық платформа, әлеуметтік топ, қарым-қатынас, рекреация, әлеуметтік тәуекел, хобби.

U.B. Tolshova*, U.K. Kiyakbayeva, G.T. Abilbakieva
Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: ulmekentoleshova@bk.ru

Technologies of effective organization of leisure for teenagers

It is discussed current issues of organizing leisure time for teenagers in the article. Teenagers, as a special social group, are prone to the influence of negative trends in modern society. In the sphere of leisure, positive and negative situations and behavior of schoolchildren are most clearly manifested; they are more susceptible to the consequences of social changes. Adolescents are known to be risk-takers; being extreme for a teenager means keeping up with the times, progress, development. Currently, teenagers' means of leisure are social networks (Instagram, Tik-tok, YouTube), the space of public communication platforms; youth may develop dependence on public communication platforms. Therefore, the quality of information in the space of these platforms, its impact on behavior, communication, personal development and spiritual and moral education of children require additional research and work of teachers and the public. Teenagers who spend more time online primarily lose relationships with friends, adults, and parents. In the era of computer technology, people began to prefer virtual communication. Problems arise such as limiting communication between teenagers through short messages, reducing vocabulary, observing spelling rules, etc. Due to the changeable behavior of teenagers, it is necessary to effectively organize their leisure time, develop hobbies, and various educational activities. 100 schoolchildren of 7-8 grades in Almaty took part in a diagnostic study to identify the level of creativity and sociability. The "Accessible Leisure" project was implemented with teenagers, which included schoolchildren going to museums and libraries and involving them in volunteer activities.

Key words: adolescence, leisure, communication, technology, Instagram, Tik-tok, YouTube, communication platform, social group, communication, recreation, social risk, hobby.

Ұ.Б. Төлешова*, Ұ.Қ. Қияқбаева, Ф.Т. Абилбакиева

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: ulmekentoleshova@bk.ru

Технологии эффективной организации досуга подростков

В статье рассматриваются актуальные вопросы организации досуга подростков. Подростки как особенная социальная группа, склонны к влиянию негативных тенденций современного общества. В сфере досуга наиболее явно проявляются позитивные и негативные ситуации и поведение школьников, более восприимчива к последствиям общественных перемен. Как известно, подростки склонны к риску; быть экстремальным для подростка – это значит не отставать от времени, прогресса, развития. В настоящее время средством досуга подростков являются социальные сети (Instagram, Tik-tok, YouTube), пространство общественных коммуникационных платформ, может формироваться у молодежи зависимость от общественных коммуникационных платформ. Поэтому качество информации в пространстве данных платформ, ее влияние на поведение, общение, личностное развитие и духовно-нравственное воспитание детей требуют дополнительных исследований и работы педагогов и общественности. Подростки, проводящие большее количество времени в сетях, в первую очередь теряют отношения с товарищами, взрослыми, родителями. В эпоху компьютерных технологий люди стали предпочитать виртуальное общение. Возникают такие проблемы, как ограничение общения подростков посредством коротких сообщений, сокращение словарного запаса, соблюдение орфографических правил и др. Из-за изменчивого поведения подростков необходимо эффективно организовывать их досуг, развивать хобби, различные воспитательные мероприятия. В диагностическом исследовании на выявление уровня креативности и общительности приняли участие 100 школьников 7-8 классов г.Алматы. С подростками был реализован проект «Доступный досуг», включавший походы школьников в музеи и библиотеки, привлечение к волонтерской деятельности.

Ключевые слова: подростковый возраст, досуг, общение, технологии, Instagram, Tik-tok, YouTube, коммуникационная платформа, социальная группа, общение, отдых, социальный риск, хобби.

Кіріспе

Тұлғаның құндылық бағдарлары жүйесінің өзгеруі, дәстүрлі нормалар мен құндылықтардың құлдырауы, бұқаралық және жалпы мәдени деңгейінің төмендеуіне байланысты. Бос уақыт – бұл қоғамдық өзгерістердің салдары айқын көрінетін өмір саласы. Жасөспірімдердің әлеуметтік – мәдени жағдайлары олардың сенімділігі мен нормативтік мінез-құлық ережелеріне байланысты. Жасөспірімдік кезеңі – адамның жаңа өмірге қадам бастау кезеңі. Бұл кезеңге 12-13 тен 15-16-ға дейінгі жас аралығы жатады. Жасөспірімдік шақта оқушылар белгілі бір нәтижеге ұмтылады, дайын әлеуметтік лидерлер. Физикалық, психикалық және әлеуметтік даму арқылы позитивті жетістікке жетумен қатар негативтік көрністер де байқалатын кезең. Өзін-өзі дамытудағы жасөспірімнің ынтасы өзіне сенбеушіліктен басталады. Филип Роистың «Психология подросткового и юношеского возраста» атты оқулығында жасөспірімдердің өзінің уайым қайғылары ойлары, сезімдері мен

қызығушылықтары, арман тілектері мен талпыныстары нақты зерттеу мен зейін салу мәніне айналады дейді. Бұл кезеңде оқушы өзінің ішкі әлемін енді ашады, субъективті уайымдары мен іс-әрекеттері қызығушылық таныта бастайды.

Жасөспірімдік кезең – бұл балалықтан жастық кезеңге ауысатын өтпелі кезең. Жеткіншек біртіндеп қадам басу арқылы бала әлемінен ересектер әлеміне ауысады» дейді. Жасөспірімдік кезең балалық пен ересектік кезеңнің арасын қамтиды. Физиологиялық деңгейдегі өзгерістер жүреді, ересектер және құрдастарымен қатынастары өзгеше құрылады, танымдық қызығушылықтарының, ақыл-ой мен қабілеттерінің деңгейлері өзгерістерге ұшырайды. Құрдастарымен қарым-қатынастары байсалды бола бастайды. Жасөспірімдер бірлескен іс-әрекетпен айналысып, өмірлік маңызды тақырыптарды қозғайды, ал ойын болса өткен шақта қалады. Дене күшінің толысуы мен жыныстық жетілудің акселерациясы байқалып отырған қазіргі уақытта қыз балалар 10-11, ер балалар 12-13 жаста жыныстық жетілудің

бастапқы сатысында болады. Бұл жастағы балалар шығармашылық іс – әрекетке басымдылық танытады (Жубаназарова, 2015) [1]. Олай болса, жасөспірімдердің шығармашылық, танымдық, салауаттылық іс-әрекетін дамыту негізі – бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Бос уақыт - тұлғаның жеке физикалық рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жұмыстан тыс уақыт бөлігі.

Жасөспірімдік шақтың психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын зерттеген отандық және шетелдік ғалымдар еңбектеріне тоқталамыз (Толешова,2020)[2]. Жасөспірімдерді

әлеуметтендіру мәселесін педагогикалық тұрғыдан Г.М. Андреева, С.Г. Вершловский, А.В. Мудрик, В.С. Селиванова, В.А. Сластенин және т.б, ғалымдар қарастырды. Жасөспірімдердің қауіпті мінез-құлық, физиологиялық, биологиялық, табиғи, гормондық ерекшеліктерін Г. А. Цукерман, Б.М. Мастеров зерттеген. Американдық психолог Лоуренса Штайнбергтің зерттеулерінде «жасөспірімдер құрдастарына екі есе жиі қауіп төндіреді» дейді. Жасөспірімдердің экстремалды бос уақытының түрлерін 1-кестеде бөліп көрсетеміз.

1-кесте. Жасөспірімдердің экстремалды бос уақытының түрлері

Экстремалды бос уақыт түрлері	Экстремалды мінез-құлық жағдайы	Бос уақыттың альтернативтік түрлері
1. Руфинг	Көпқабатты үйлердің төбесінде серуендеу	Тәжірибелі нұсқаушысыз әуе шарымен ұшу
2. Скайуокинг	Қаладағы ең биік аймақтарды арнайы жабдықсыз бағындыру	Нұсқаушысыз парашюттен секіру, әуе шарымен ұшу, өрмелеу
3. Диггеризм	Жерасты коммуникацияларын іске қосу және зерттеу (шахты, метро және т.б.).	Тарихты, археологиялық лагерьге саяхат жасау
4. Андюу	Қараусыз қалған жерлерге бару	Туристік жорықтар – тарихты зерттеулер жүргізу
5. Зацепинг	Электр пойызының немесе трамвайдың салынынан тыс жерде жүру (төбесінде, астында).	Қауіпті ойын сауықтардан сақтау, ережелермен таныстыру
6. Бейсклам – бинг	Сақтандырусыз жоғары биіктікке көтерілу	Тәжірибелі нұсқаушының басшылығымен парашютпен ұшу, парашютпен секіру
7. Планкинг	Планкингтің негізгі ережесі-ішпен жату, қолды дененің бойымен созу, ең күтпеген орындарда – шатырда, өткелде және т. б	Би, жеңіл атлетика, спорттық гимнастика
8. Акрострит	Орындауды көздейтін көше акробатикасы өте күрделі және қауіпті түрлері: балық аулау, биіктіктен секіру, сальто жасау.	
8. Итпен жорық кайфы	Миға оттегінің баруын әдейі тоқтату	Хоббиға баланың қызығушылығы, одан ләззат алуға болатынын түсіндіру, қауіпсіз және әдіс тәсілдер алу (би, спорт, және т. б.)
10. Паркур	«Рационалды» жолға түсетін кедергілерді (қабырғалар, баспалдақтар) жылжыту және еңсеру және т. б.). Көптеген күрделі және қауіпті трюктерді біріктіреді: құлау, тірекпен секіру қолында	Гимнастика, жеңіл атлетика

Әдебиеттерге шолу

«Бос уақыт» ұғымын француз тілінде «animation» жандылық, жандану, тірілту, бос уақытты ұйымдастырушы кәсіп, латын тілінде өмірлік бастау, өмір, саналы бастау, рух деген мағыналарды білдіреді. Бос уақыт адамның жас ерекшеліктеріне қарай жастарды тәрбиелеу,

кәсіби қалыптасу, өмір салты, құндылық бағдарлары және т.б. қасиеттерін дамытуға байланысты ұйымдастырылады. Бос уақыт кеңістігіне қызығушылық ежелгі ойшылдардан бастау алған. Аристотель бос уақытты адам өмірінің ажырамас құрамдас бөлігі деп санады. Қазіргі адамның бос уақыты – бұл қоғамдық өндіріс саласындағы қажетті еңбектен, сондай-

ақ, адамның үй шаруашылығы мен қоғамдық қатынастар шеңберіндегі өмірлік функцияларын көбейтуі бос уақытты білдіреді. Философиялық, әлеуметтік, психологиялық сөздіктерде «досуг» ұғымы «бос уақыт» деген мағынаны білдіреді. «Досуг» теориясы аналитигінің бірі Стенли Паркер «досуг» ұғымына берілген анықтамалардың барлығын үш топқа бөледі:

Досуг- адамның ұйқыдан, жұмыстан, физиологиялық қажеттіліктен босанған уақыты;

Досуг – адамның еркін таңдауында жүргізілетін іс-әрекет;

Досуг – адамның жұмыстары мен міндеттерінен босатылған уақыты.

«Досуг» саласына көптеген жаңалықтар енгізген психология саласынан З.Фрейд, Э.Дюркгейм, М.Хоркхаймер, Э.Фромм және т.б. ғалымдар қызығушылық танытса, әлеуметтану ғылымы бойынша бос уақыт мәселесін Б.Л. Грушин, Ж. Дюмазедье, Г.Е. Зборовский, М. Каштан, Т. Кэндо, Г.П. Орлов, С. Г. Струмилин, Дж. Шивере және т.б., ғалымдар зерттеген болатын (кесте 2). 60-70 жылдардан бастап, педагогика ғылымында шынайы мектеп досуғына

көңіл бөліне бастады. Балаларды өмір сүру ортасына байланысты досугты жұмыстар жүргізілді (Н.А. Запарожец, С.А. Шмаков, В.А. Караковский, А.Н. Тубельский, М.П. Щетинин, Е.А.Ямбург және т.б.). Педагогика ғылымында жаңа кешенді мектептерде досугты ұйымдастыру бағыттары пайда болды. Г.И. Минц, А.П. Владимирова «бос уақыт демалу мен көңіл көтеруге арналған уақыт» дейді (Герасимова,2014)[3]. Бос уақыт оқуға, қоғамдық жұмысқа, әртүрлі шығармашылық іс-шараларға берілетін уақыт. Экономистер В.Д. Патрушев, И.В. Чернов бос уақыт жұмыс уақытының бөлігі деп қарастырады. Ю.Н. Лобанов, пен А.В. Мялкин «бос уақыт жұмыстан тыс уақыт» дейді. Бос уақыттың құрылымы, элементі, мазмұны жағынан әр түрлі болады. Адамның өзін-өзі жетілдіруіне, шығармашылыққа, мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған іс-шараларды іске асыруға, көңіл көтеруге, өзге де мақсаттарға қол жеткізуге бағытталады. «Бос уақыт» ұғымын зерттеген ғалымдардың берген анықтамалары төмендегі кестеде топастырылды.

2-кесте. «Бос уақыт» ұғымын зерттеген ғалымдардың анықтамасы

№	Авторлары	Анықтамалары
1	Г. П. Орлов	Бос уақыт – адамның еркін әрекет аймағы мен дамуы болып табылатын әлеуметтік уақыттың бір бөлігі. Ол әр адамның рухани даму деңгейі мен барлық әлеуметтік қатынастар жиынтығы
2	Э. Фромм	Біз өткен жүз жылдыққа қарағанда жұмыс уақытын екі есе қысқарттық. Біздікіндей бос уақытты ата-бабаларымыз армандай да алмаған. Енді не болды? Біз сол бос уақытты қалай дұрыс өткізу керек екенін де білмейміз. Біз уақытты өлтіргенімізге, бір күннің біткеніне қуанамыз
3	Пифагор	Ұйықтар алдында өткен күнін, өзіннің не істеп, не тындырғаныңды ой елегінен бір өткізбей тұрып, көзінді жұмушы болма
4	В.Г.Белинский	Өркім өз уақытын еңбегінің көлемімен өлшегені ең дұрыс жол
5	Гете	Уақытты босқа жіберіп алудан артық өкініш жоқ.
6	Т.А. Юзефовичус	Бос уақыт адамның танымдық даму демалысы, ақыл-ой және физикалық күштерін қалпына келтіру мақсатында өзінің талғамы, қызығушылығы мен тәуелділігіне сәйкес жүзеге асыратын қызмет түрлері
7	С.А.Шмаков	Бос уақыт- маңызды рөлдерді, қызықты іс-әрекеттер түрлерін еркін таңдау арқылы балалармен жасөспірімдер дарындылығын шындау, рухани өсуіне жағдай туғызу уақыты
8	Е. Арын	Бос уақыт - тұлғаның жеке физикалық рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жұмыстан тыс уақыт бөлігі
9	Леонардо да Винчи	Бос уақыт – адам өмірінің бір бөлігі, ол оқудан, үй тапсырмаларын орындаудан, жұмыстардан, тұрмыстық жөнелтілімдерден (ұйқы, тамақтану, өзіне-өзі қызмет көрсету, жол және т.б.), қоғамдық немесе үй тапсырмалары мен міндеттерінен тыс уақыт
10	Е. М. Клюско	Бос уақыт – адамның мәдениет әлемін игеру процесі
11	Т. А. Турбин	Бос уақыт – әлеуметтік белсенділікті дамыту құралы
12	В. И. Гладилин	Бос уақыт – өзін-өзі растау және өзін-өзі көрсету құралы
13	Томас Мор	Бос уақыт мазмұны қоғамдық құбылыс
14	А. С. Пушкин	Бос уақытты шабыттандыруға арналған жұмыс
15	А. В. Соколов	Бос уақыт – еркін уақыт, бірақ ол әрқашан да бола бермейді

Қазіргі таңда жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмысының маңыздылығына педагогикалық–психологиялық әдебиеттерде көптеген талдаулар жасалған. Ю.А. Стрелецов өзінің «*Бос уақыт мәдениеті*» кітабында адам қалауы бойынша өткізетін бос уақыты оның әлеуметтенуіне, жетістікке жетуіне, дамуына әсер етуі тиіс дейді. Н.Н. Седова «*Досуговая активность молодёжи*» деген еңбегінде жастар бос уақыттарының көп бөлігі жұмыс орындарындағы құрдастарымен бірге өтеді дейді. К.Г. Мяло «*Время выбора: Молодёжь и общество в поисках альтернативы*» атты еңбегінде жастардың құзыреттілігі, әлеуметтенуі мен дағдылану мәселелерін қарастырады. Бос уақыт көбінесе әлеуметтік және рухани көрініс ретінде қарастырылады (Лакреева,2016)[4]. Н.Н. Седова «*Досуговая активность молодёжи*» деген ғылыми еңбегінде қазіргі жастар бос уақыттарын көбіне компанияларда, құрдастарымен қарым-қатынасқа арнайды. Жастардың көп уақыты коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға негізделеді (Акимова, 2011) [5]. Олар жүріп-тұру, ұйқы, тамақтану және өзіне-өзі қызмет көрсету жұмыстарын бірінші орынға қояды. Әр адамның өмірлік белсенділігі оның қажеттілік компоненттерінен тұрады. Бос уақыт ұғымын жан-жақты зерттей келе оның құрылымы Г.А. Пруденский жұмыстан тыс уақыт шығындарын: өндірісте жұмыс істеуге байланысты уақыт (мысалы: іс сапар, күту, ұйымдастырылмау); үй еңбегі мен өзін-өзі күтуге кететін уақыт шығындары; ұйықтау және тамақтану ішу уақыты деп бөліп қарастырды. Американдық психологтар А. В. Лакреева және Л. В. Варухтың жасөспірімдер арасында құрдастары екі есе жиі қауіп төндіретіндігін дәлелдейді. Жасөспірімдердің психофизиологиялық ерекшеліктеріне мінез-құлықтарының қауіпті түсіндіреді(Грушин,2006)[6]. Н.В. Панова жасөспірімдердің әлеуметтік интеллектісін зерттей келе олардың мінез – құлқын басқара алмауы, басқа адамдардың проблемаларын өз проблемасы сияқты қабылдау сезімдердерімен қатар өмірлік мәдени құндылықтар білім, денсаулық, қарым-қатынас сапалары мен әлеуметтік бағдарларға да мән береді. Жасөспірімдердің айқын белгілері – үлкендердің қамқорлығынан, бақылауынан босансу, еркіндікке деген ұмтылыс. Олар өзін-өзі растау үшін кез-келген мүмкіндіктерді іздейді, ересектер олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру керек деп ойлайды (Панова,2011) [7]. А.Л. Ли-

berman жасөспірімдердің заманауи жетекші әрекеті – әртүрлі ойын. Олардың әрекеттері «нағыз ересек» өмірге шығуға бағытталады. Олар өздерін қоғамдық іс-әрекеттер барысында да жақсы көрсете алады. А.М. Новиковтың «Введение в методологию игровой деятельности» (Новиков, 2007) [8] деген кітабында автор жасөспірімдер үшін ойын маңызды әрі мағыналы рөл атқарады. Ойын мазмұны романтикалық, сюжеттер ерекше шытырман оқиғаларға толы, физикалық және зияткерлік жүктеме береді. Бұл кезеңде ойын баланың өзін-өзі жетілдіру құралдарына айналады. Ойын мазмұнын ұйымдастыру барысында заманауи технологиялар қолданылады. Технологиялық, басқарушылық, тұжырымдамалық, жүйелілік, іс-әрекеттер критерийлері арқылы іске асырылады.

Зерттеу әдістері

Бос уақыт – коммуникативтік байланыстар мен қажеттіліктерді қанағаттандырудың белсенді аймағы. Бос уақыт адамның адамгершілік келбеті мен дүниетанымының дамуына үлкен мүмкіндік береді. Ұжымдық ойын-сауық процесінде серіктестік сезімі күшейеді, өмірлік ұстаным қалыптасады, қоғамдағы мінез-құлық нормаларын үйренеді. Мектеп өмірі мен студенттік шақ физикалық, психикалық және интеллектуалдық күштердің үлкен шығындарын талап етеді, энергия алатын, энергия беретін кезең болып есептеледі. Бос уақыт пайда болған шиеленіс, кикілжіңдерді жеңілдетуге жеңуге көмектеседі. Адам бос уақыттың мақсаттары мен себептерін салыстырмалы түрде оңай тұжырымдайды, бірақ оған бос уақыттың функциялары, яғни оның ажырамас мақсаты мен өмірдегі орны туралы айту қиын. Өйткені, күнделікті өмірде әрекет пен таңдау еркіндігі шектеулі. Бос уақыт адамға ішкі даму қажеттіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бос уақыт заңдарға, теориялық негізделген және тәжірибеде дәлелденген принциптерге сәйкес дамиды. Оның негізгі принциптері төмендегідей:

- *көпсалалы және қол жетімділік принципі*: бос уақыт сұраныстары мен мүдделерін қанағаттандыру үшін барлық адамдарды демалыс мекемелерінің қызмет саласына тарту, шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту;
- *өзіндік іс – әрекет принципі* – әуесқойлар қауымдастығынан жаппай ұжымдық мерекесі, жеке қабілеттері арқылы жетістікке жету;
- *жүйелілік пен мақсаттылық принципі* – адамның әлеуметтік болмысқа, белсенді және

шығармашылық тұлғаға, өзімен және қоғаммен үйлесімді өмір сүретін шектеулі трансформация процесі;

- *үздіксіздік принципі* – мәдени өзара әрекеттесу және ұрпақтар сабақтастығы.

Ежелгі грек тарихшысы Фукидид гректер күнделікті өмірдің қамқорлығын таратуға көмектесетін және ләззат беретін бос уақытты өткізудің әр түрлі формаларын енгізгенін жазды. Сонымен қатар, демалысты ұйымдастыру *қағидаттарын* ұсынды:

- *қызығушылық қағидаты* (адамның демалыс белсенділігі немесе пассивтілігі оған қызығушылықтың болуымен немесе болмауымен ғана толық көлемде анықталады);

- *рекреация және таным бірлігі қағидаты* (топтық демалыс қызметі процесінде іске асырылады): клубтық бірлестіктердің жұмысы, үйірме сабақтары, экскурсиялар, жорықтар. Олар бос уақытты пайдаланудың белсенді нысандары болып табылады және келесі қағидаттың мәнін анықтайды, ол тұлғаның дамуына маңызды рөл атқарады);

- *бірлескен қызмет қағидаты* (бірлескен қызмет топтың құндылықты бағдар бірлігін қалыптастырады, дәстүрлерді, ұйымдық құрылымды, эмоциялық сәйкестендіруді туындатады және, түпкілігінде, ондағы тәрбиелік әлеуетті іске асыра отырып, шығармашылық қызмет деңгейін арттыруға әкеледі. Канада, Жапония, Түркия, Дания, Бразилия сияқты кейбір елдерде халықтың әр түрлі топтарына байланысты ұлттық демалыс бағдарламалары жүзеге асырылады. Кешенді, аймақтық демалыс орталықтары жұмыс жасайды. Оны мемлекет қаржыландырады. Ұлттық демалыс бағдарламалары адамдардың жас ерекшелігіне сай эстетикалық тәрбие беру, бос уақытты ізгілендіру мақсатында аниматорлық іс-әрекеттер арқылы ұйымдастыру мәселелері жолға қойылған. Ресейде тұлғаның бос уақытта моральдық-эстетикалық әлеуетін іске асыру тәжірибесі қолға алынған. Жапонияда қолданбалы халық шығармашылығын материалдық ынталандыру жүйесі кеңінен таралған. Мектептер мен мәдени-демалыс орталықтарында халық музыкалық, хореографиялық, ән өнері насихатталады. Халықтың мәдени дәстүрлерін бейнелейтін фильмдер, спектакльдер, көрмелерді бірлестік жетекшілері жиі ұйымдастырып отырады. Қазіргі заманғы ғылыми және танымал әдебиеттерде бос уақыттың әр түрлі типологиялары берілген. Онда бос уақыт белсенді және белсенді емес түрге бөлінеді. Мысалы:

- рекреациялық және дамытушылық;
- күнделікті, апталық, мерекелік, демалыс;
- үй және үйден тыс; жеке ұйымдастырылған және ұжымдық болып бөлінеді.

Әлеуметтану саласында бос уақыттың тұжырымдамалық моделін жіктеген М. Каплан пен Дж. Шивере. Олар бос уақыттың әлеуметтік функциялары: *компенсаторлық, әлеуметтендіру, гедонистік, қарым-қатынас, шығармашылық, өзін-өзі жүзеге асыру, жеке қасиеттерін дамыту* болып бөлінеді. Бос уақытта жүргізілетін іс-шаралар мазмұны төмендегідей түрлерге бөлінеді:

- *дамытушылық* – бағытындағы қызмет түрлері арқылы жеке тұлғаны жетілдіру және өзін-өзі дамыту;

- *ойын-сауық* – мәдениетті пассивті бос уақытты өткізу;

- *үйде болу*;

- *спорттық* – белсенді демалыс;

- *қоғамдық* – *саяси*- пікірін айту, жаңа ой қалыптастыру;

- *деструктивті*;

Жеке адамның бос уақытын анықтау үшін оның күнделікті уақыт бюджетінен (24 сағат) оның жұмсайтын уақытын шегеру керек:

- *өндірістік-еңбек функциялары*: жұмыс орнына баратын және қайтатын жолды қоса алғандағы уақыты;

- *физиологиялық демалыс* (түнгі ұйқы);

- *сауықтыру және санитарлық-гигиеналық қажеттіліктер* (таңертеңгі дәретхана, гимнастика, кір жуу, ыдыс жуу және т. б.);

- азық-түлік сатып алу, оларды дайындау, тамақтану;

- қажетті заттарды, күнделікті сұранысқа ие және ұзақ мерзімді тауарларды сатып алу;

- шұғыл көмек керек адамдарға қолдау көрсету (мысалы, науқасқа күтім жасау) және т. б. Осы есептеулерден кейін адамның иелігінде қалған күннің үлесі оның бос уақыты болып есептеледі. Дәл осы бөлікті адам өз қалауы бойынша басқара алады. Жұмыс істейтін адамдар үшін жұмыс күні бос уақыттың үлесі салыстырмалы түрде аз, 1-3 сағат, ал кейбір жағдайларда бірнеше минут болуы мүмкін. Бұл уақыт адамның белсенділігіне байланысты ұлғаюы немесе қысқаруы мүмкін. Бұл топтағы адамдар жұмысқа, отбасылық міндеттерге, демалыс уақытына байланысты өз қалауы бойынша өткізеді. Әйел адамдар көбіне бос уақытта отбасы, балалар тәрбиесімен айналысады. Үй

шаруасындағы әйелдер мен зейнеткерлердегі бос уақыттың ең көп мөлшері бір келкі жұмыстар арқылы өтеді. Көріп отырғанымыздай, «бос уақыт» және «еркін уақыт» ұғымдары бір-бірін тығыз байланысты. Кейбір адамдар бос уақытын тиімсіз, ештеңе істемей өткізеді. Ол денсаулығына, қоғамдық тәртіпке, бос уақытының бұзуына әсер етеді. Адам бос уақытын денсаулығын қалпына келтіруе, жан – жақты дамуға пайдалану қажет.

Макс Каплан «Бос уақытты еңбек, отбасы, саясат мәселелерімен терең және күрделі байланысы бар мәдениеттің орталық элементі» деп түсіну керек. «Бос уақыт» ұғымы оқудан бос уақытта демалудың тәуелсіз немесе ұйымдастырылған түрі. Элеуметтанушы Дж. Думасейр «бос уақыт адамның өз еркімен кәсіби, отбасылық және азаматтық міндеттерінен босатылатын белгілі бір іс-әрекет» деп анықтайды. Жастардың бос уақытын ерекше өткізгенді қалайды. Жастардың бос уақытында коммуникация маңызды рөл атқарады. Жастар демалысы эмоцияға, сүйікті ісімен айналысуға, қызықты адамдармен кездесуге, маңызды оқиғалардың қатысушысы болумен ерекшеленеді (Маслова, 2013) [9]. Жалпы бос уақыттың екі түрі бар: *ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған*.

Ұйымдастырылған бос уақыт: жастар ұйымдары, мәдени орталықтар, көркемсурет және спорт студиялары, клубтар, секциялар кіреді, оларда жаңа элеуметтік қатынастарға қосу, жастардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы жүзеге асырылады;

Ұйымдастырылмаған бос уақыт – бұл қандай да бір себептермен, ұқсас мүдделермен біріктірілген жастар топтарының өздігінен қалыптасуы. Жастардың бос уақытын ұйымдастыратын мекемелерді шартты түрде бес топқа бөлуге болады:

- *пассивті тұтынуды көздейтін мекемелер*: қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, түнгі клубтар, дискотекалар, бильярд клубтары, ойын клубтары, казино, сауда-ойын-сауық кешендері мен орталықтары;

- *жастарға зияткерлік демалыс ұйымдастыратын мекемелер*: театрлар, кинотеатрлар, мәдени орталықтар, мұражайлар, кітапханалар, галереялар;

- *белсенді спорттық ойын-сауыққа бағытталған мекемелер*: стадиондар, бассейн-дер, спортзалдар, белсенді демалыс саябақтары, фитнес-орталықтар;

- *өз бетінше уақыт өткізуге жағдай жасайтын мекемелер*: спорттық жабдықтар мен

жабдықтарды жалға беру пункттері, туризм және саяхат бюросы;

- *әр түрлі клубтар*: бос уақыт саласында жастарды элеуметтік тәрбиелеу функциясын орындайтын мәдениет бөлімдері. Бос уақытта рекреациялық іс-әрекеттің түрлерін іске асырудың маңызы ерекше. Рекреациялық іс-әрекет екі түрге *спорттық-сауықтыру, танымдық* болып бөлінеді. Белгілі психолог С. А. Шмаков жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолдарын бірнеше топтарға бөліп қарастырады.

Бірінші топқа балалар күшін қалпына келтіруге, физикалық белсенділігі мен денсаулығын нығайтуға, төзімділігі мен ептілігін дамытуға бағытталған таза ауада серуендеу, спорт, демалыс кештері, ойын-сауық әрекеттерін жатқызды.

Екінші топқа бос уақытта эрудиция мен рухани құндылықты байланыстыруға бағытталған фильмдер мен телешоуларды көру, көрмелерге, мұражайларға, саяхаттарға бару және т.б. іс-әрекеттерді жатқызды. Олар балалардың танымдық белсенділігін, жалпыадамзаттық мәдениеті мен дүниетанымы дамытады.

Үшінші топқа рухани күштер мен қабілеттердің дамытуға бағытталған шығармашылық іс-әрекеттер: ғылыми-зерттеу жұмысы, көркем-театр, техникалық, спорттық ойын, еңбек, қолданбалы әрекеттерді кіргізді. Бұл әрекеттер балалардың белсенді өмірлік ұстанымдарына, өзін – өзі анықтауына, өзін-өзі өзектендіруіне әсер етеді.

Төртінші топ қарым – қатынас қажеттілігін жүзеге асырады. Бұл топқа белгілі тұлғаларымен кездесу кештері, би, дискотекалар, шығармашылық кештер, бірлестік орталықтары, клубтар, үйірмелер жұмысы жатады. Бұл әрекеттер балалардың қарым -қатынас дағдыларын дамытады, тұлғалық, тұлғааралық қарым – қатынастың түрлері мен тәсілдерін қолдану қабілеті мен элеуметтік жағдайларға бейімделу жолдарын үйретеді.

Бесінші топ балалардың мақсатқа бағытталған шығармашылық оқуымен байланысты көшпелі лагерьлер, байқаулар, конкурстар, демалыс бірлестіктері, туристік жорықтар, мектеп белсенділігі және т.б. әрекеттер жатады. Бұл әрекеттер балалардың ұйымдастырушылық, өз бетінше ұйымдастыра білу қабілетін, құрдастарымен біріккен іс-әрекеттер жасауға үйретеді (Шмаков, 2001) [10]. С.А. Шмаков баланың бос уақытын ұйымдастыру, ынтымақтастыру

әдістерін бөліп көрсетеді: *ойын әдістері; театрландырылған әдістер; бәсекелік қабілет; ынтымақтастық әдістер; тәрбие әдістері; импровизация.*

Жоғарыда аталған ғалымдардың ой-пікірлеріне сүйене отырып біз жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру технологияларын ұсынамыз (кесте 3):

3-кесте. Бос уақытты ұйымдастыру технологиялары

№	Бос уақытты ұйымдастыру технологиялары	
1	Техникалық шығармашылық бөлім	Компьютерлік, әуе техникасы, техникалық модельдеу, автомобиль, шебер қолдар, анимациялық студия, радиотехника, фотомектеп, кеме жасау және т.б.
2	Сәндік-қолданбалы шығармашылық жұмыстар бөлімі	Көркемдік кескіндеме, макраме, жұмсақ ойыншық, жас шаштараз, кемпірқосақ жамылғысы, гүл жасау өнері, халық шығармашылығы, шебер қолдар, қайың қабығынан бұйым тоқу, қуыршақ театры және т.б.
3	Музыкалық бөлім	Домбыра, балалайка, баян, аккордеон, гитара, фортепиано, скрипка, саксофон және т.б.
4	Көркемдік тәрбие бөлімі	«Мистерия» театр-студиясы; «Ертегі» театр-студиясы; «Кесу және тігу» изостудиясы; «Романтика» би студиясы және т. б

Демалыс – бұл адамның психологиялық жағдайы. Жасөспірімдердің мектептен тыс жұмыстарға қатысуы демалыс аймағын құрайды. Бұндай жағдайда балалар ақыл-ой әрекетін физикалық әрекеттерге ауыстырады. Жасөспірімдердің бос уақытын ұтымды және тиімді өткізудің бірден бір формасы мәдени демалу. Демалысты ұйымдастыру кезеңінде жасөспірімдердің физиологиялық – психологиялық ерекшеліктері, физикалық мүмкіндіктері, қызығушылықтары мен сұраныстары мен жыл мезгілдері ескерілу керек. Мысалы: жаз мезгілінде балалар бос уақыттарының көп бөлігін таза ауада, қалалық сауықтыру лагерлерінде, турбазаларда және т. б. жердерде өткізеді. Кеңінен қолданылатын демалыс түрлеріне жаяу серуендеу мен экскурсиялар жатады. Жазғы спорт түрлеріне жүзу, футбол, теннис, бадминтон, лапта, аттракциондар мен таза ауада ойнайтын ойындар жатады. Қыс мезгілінде үй-жайларда, жабық, жылы мекемелерде ұйымдастырылады. Көбіне қысқы демалыс кезінде ғана жасөспірімдер бос уақытын таза ауада өткізуге тырысады. Осы кезеңде қыстық спорттық сайыстар, шаңғымен серуендеу және т.б. мерекелер ұйымдастырылады. Үйірме жұмыстары да тоқтамайды. Демалыс кезеңінде мәдени тынығуға бағытталған іс шараларға жоспар құрастырылып, іске асырылады (Мелешкин а., 2017, Мырзабекова, 2016) [11, 12].

Зерттеу нәтижесі және талқылау

Эксперимент әдістерді қолдану арқылы зерттеудің әрқилы түрлерінің жалпы белгіленуі.

Эксперимент – зерттеуші мен сыналуды арасындағы ұйымдастырылған іс-әрекет түрі. Ол теориялық болжамды тексеруге бағытталады. Эксперимент зерттеу құбылыстарын басқа шарттар мен жағдайларға бөліп алып, құбылыстар мен деректер «таза» күйінде зерттеуге мүмкіндік береді. Эксперимент ғылыми зерттеудің теориялық және эксперименттік деңгейлері арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

«Сіздің шығармашылық потенциалыңыз» тесі. Зерттеу жұмысымыздағы шығармашылық қабілеттің дамуы туралы теориялық негіздерге сүйенсек, шығармашылық қабілеттің дамуы біржақты болып қарастырылмайды. Шығармашылық қабілет мәселесін зерттеуде қабілеттік қасиеттің өзі күрделі құбылыс. Шығармашылық қабілет мәселесінде үш негізгі ұғым қалыптасқан:

1. *Шығармашылық қабілет жоқ деп түсіндіретін ұғым.* Мұның сипаттауында интеллектілі дарындылық жеке адамның қажеттілігі, бірақ шығармашылық белсенділік жағдайының болмауы баяндалады. Шығармашылық әрекеттердің көрінуіне тұлғалық қабілеттері мен мотивациясы басты рөл атқарады. (А. Танненбаум, А. Олох, Д.Б. Богоявленская, А. Маслоу т.б.) Д.Б. Богоявленскаяның концепциясы бойынша жеке адамның креативтілік белсенділігі жеке адамның креативтілік типіне тән қандай да бір психикалық құрылымына орай түсіндіріледі. Жеке адамның креативтілік типі – айналысатын іс-әрекетіне қарамастан барлық жаңашыл-ойшыл адамдарға тән.

2. *Шығармашылық қабілет интеллектіге тәуелсіз өзіндік фактор ретінде*

қаралатын ұғым (Дж.Е. Гилфорд, К.Тейлор, Е.П. Торренс, Я.А. Пономарев). Бұл ағым бойынша интеллект деңгейі мен креативтілік деңгейі арасында аз ғана корреляция болады. Интеллект пен креативтілік бірлік факторды құрайды.


3. *Жоғары деңгейде интеллектінің дамуы шығармашылық қабілеттің жоғарғы деңгейін білдіреді және керісінше деп түсіндіретін ұғым* (Д. Векслер, Г.Айзенк, Л. Гермен, Р. Стернберг).

«Сіздің шығармашылық потенциалыңыз» тесті бойынша зерттелушілердің нәтижесі (4-кесте):

4-кесте. Жасөспірімдердің шығармашылық потенциалдін диагностикалау

Деңгейі	Жоғары	Орташа	Төмен
Зерттелушілер			
7 а, б сыныбы	35%	25%	40%
8 д, е сыныбы	45%	35%	20%

«Сіздің шығармашылық потенциалыңыз» тесті бойынша зерттелушілердің нәтижесі (диаграмма түрінде, сурет 1):



1-сурет. «Сіздің шығармашылық потенциалыңыз» тесті бойынша зерттелушілердің нәтижесі

Тіл табысқыштық деңгейін бағалау (В.Ф. Ряховский тесті б/ша). Тест адамның қарым-қатынас құзыреттілігін анықтауға көмектеседі. Арнайы мамандар үшін негізгі кәсіби қасиет оның дұрыс қарым-қатынас орната білу қабілеті. Аталған тест адамның қарым-қатынасқа қабілеттілік деңгейін анықтауға арналған. Қарым-қатынас компоненттері: үнемі адамдармен әңгімелесіп, сөйлесуге деген қажеттілік, таза әрі айқын сөйлеу, бейтаныс адамдармен тез қарым-қатынас орнату, жағымды, сыпайы түрде әңгіме жүргізе білу, өзгелерді сендіре білу, көпшілік алдына сөз

сөйлей алу. Тест 16 сұрақтан тұрады. Берілген жауап негізінде сыналушының қарым-қатынас барысындағы мінез-құлқын анықтауға мүмкіндік аламыз. Үш жауап нұсқасы беріледі, «ия» (2 балл), «кейде» (1 балл), «жоқ» (0 балл) баллдық жүйе бойынша есептеледі. алынған баллдар 16 пункт бойынша есептеледі, тест бойынша мүмкін болатын максималды балл көрсеткіші – 32 балл, минималды көрсеткіш – 0 балл. Тест нәтижесін интерпретациялау автор ұсынған жауаптар классификациясы негізінде жүргізіледі. 7 деңгей бөліп көрсетіледі – коммуникативтілік деңгейі өте төмен, қоғамға, ортаға араласуы

қиын, өзге адамдармен жағымды, әрі өнімді қатынас орнатуда кедергілер бар. автор пікірі бойынша, қалыпты коммуникативтілік деңгейі 9-бен 24 ұпай арасын қамтиды. Қарым-қатынасқа қабілеттілік, коммуникативтілік

деңгейін анықтау тесті адамның өзгелермен тіл табысқыштық қабілетін анықтауға арналған

Тіл табысқыштық деңгейін бағалау (В.Ф. Ряховский тесті б/ша) бойынша зерттелушілердің нәтижесі (5-кесте):

5-кесте. Тіл табысқыштық деңгейін

Деңгейі	Жеткілікті	Орташа	Төмен
Зерттелушілер	45%	35%	20%

Зерттеушілердің 20%-ының коммуникативтілік деңгейі төмен. Топтық жұмысқа мүлде қатыса алмайды. Бұл өзіне ғана емес, кейде өзгелерге де зиянын тигізеді. Қарым-қатынаста барынша ашық болуға тырысыңыз. Өзіңізді бақылауда ұстаңыз. Зерттеушілердің 35%-ның коммуникативтілік деңгейі орташа. Ұжымда тұйық, әңгімеге көп араласпайды, жалғыздықты ұнатады, араласатын достары да көп емес. Жаңа орта, жаңа жұмыс, жаңа байланыстар сіз үшін қиынға соғады. Өзіңізге көңіліңіз толмайды. Мұнымен шектеліп қалмаңыз, бұл кедергіні

жену өз қолыңызда. Қызығушылығыңыз оянған сәтте сіз қарым-қатынасқа барынша тартыласыз. Зерттеушілердің 45%-ының коммуникативтілік қабілеті жеткілікті. Басқа адамдармен қарым-қатынас барысында қызығушылық таныта біледі, шыдамды, өз көзқарасын сақтап қалады. Жаңа адамдармен танысып, қарым-қатынасқа түсуден қорықпайсыз. Дегенмен, шулы ортаны, тым көп сөйлейтін адамдарды ұнатпайды. Тіл табысқыштық деңгейін бағалау (В.Ф. Ряховский тесті б/ша) бойынша зерттелушілердің нәтижесі (диаграмма, сурет 2).



2-сурет. Тіл табысқыштық деңгейін бағалау (В.Ф. Ряховский тесті б/ша) бойынша зерттелушілердің нәтижесі.

Қорытынды

Философиялық, әлеуметтік психологиялық, педагогикалық әдебиеттің теоретикалық анализінің негізінде бос уақыт саласы индивидуалдық және әлеуметтік дамудың көлемді зонасын бейнелейтінін айқындайды. Зерттеулерде негізінде бала және жасөспірімдік шақтың

бос уақыты көрсетіледі және оның негізінде балалар мен жасөспірімдермен бос уақыт аймағындағы жастар мен тәрбие жұмыстар жүргізіледі. Жасөспірімдерді бос уақыттарында мұражайларға, кітапханаларға, әлеуметтік-мәдени мерекелерге апару іс – шараларды ұйымдастыруға, мәдени құндылықтарды игеруге, стереотиптерді өзгертуге, өзін-өзі бағалау мен ішкі ойын өзгертуге

көмектеседі. Көбіне жасөспірімдердің қабілетін дамыту үшін инновациялық, зерттеушілік, коммуникативтік, ақпараттық, тәжірибелік және т.б. ғылыми, әлеуметтік жобаларды ұйымдастырудың маңызы ерекше. Әрбір білім мекемелерінде «Қол жетімді демалыс» әлеуметтік жобасы аясында мәдени-тынығу бағытталған іс-шаралар негізде ұйымдастыру арқылы жасөспірімдердің тарихи, рухани құндылықтарын қалыптастыру, тәрбиелік нормалар мен ережелерді сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік желі ақпараттарын

тиімді пайдалану, ұжымдық жұмыстарға, спорттық сайыстарға қатынасуға ықпал ету қажет. Бос уақыттың тиімді болуы жасөспірімдердің өмір сапасына ризашылығынан байқалады. Ең бастысы, жасөспірімдерге барлық іс-шаралар қатынасу үшін қол жетімді болуы тиіс. Жасөспірімдерді әлеуметтендірудің ең тиімді әдістерінің бірі білім беру процесінде жеке және ұжымдық бағыттағы сабақтан тыс жүйелі бос уақытты енгізумен байланысты тәрбие жұмысын ұйымдастыру болып табылады.

Әдебиеттер

1. Жубаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы. – Алматы: МОН, 2015.-210 б.
2. Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық анимация: оқу құралы/ Ұ.Б. Төлешова, М.Д.Мурзагулова, Д.Б. Оспанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 107б.
3. Герасимова И. А. Досуговые предпочтения современной молодёжи: социально-культурный анализ // Вестн. Москов. гос. ун-та культуры и искусств. – М., 2014. – № 3 (59) – С. 128–131.
4. Лакреева А. В., Варуха Л. В. Склонность к риску как фактор девиантного поведения подростков [Электронный ресурс] // Концепт. – 2016. – Т. 24. – С. 141–146. – URL: <http://e-koncept.ru/2016/56427.htm>.
5. Акимова, Л.А. Социология досуга: учебное пособие / Л.А. Акимова. М.: МГУКИ, 2011
6. Грушин Б.А. Свободное время. Актуальные проблемы. М.: Прогресс 2006.
7. Панова Н. В. Уровни развития основных компонентов социального интеллекта младших подростков // Интеграция образования, 2011. № 2. С. 88-92.
8. Новиков А. М. Введение в методологию игровой деятельности. М.: Эгвес, 2007. 48 с
9. Молодежный досуг в условиях современного города / Н.В. Григорьева, О.М. Маслова // Вестник ВГУ. Серия: история. Политология. Социология. – 2013. – № 2.
10. Шмаков С.А. Дети на отдыхе: прикладная «энциклопедия» учителю, воспитателю, вожатому / С.А. Шмаков. – 2-е издание, дополненное. – Москва, 2001. – 175 с.
11. Мелешкина Е.А., Сабурова А.А. Инновационные образовательные технологии в организации досуга современной молодежи / Художественное пространство культуры третьего тысячелетия: проблемы науки и образования: Сборник научных трудов. – М., 2017. – С. 84-89.
12. Мырзабекова А.А. Особенности досуговых практик современной студенческой молодежи // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы = Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2016. – №3. – С. 168-174.

References

- Akimova, L.A.(2011). Sociologija dosuga: uchebnoe posobie[Sociology of leisure: textbook], Moscow (in Russian)
- Gerasimova I. A. (2014). Dosugovye predpochtenija sovremennoj molodjozhi: social'no-kul'turnyj analiz[Leisure preferences of modern youth: socio-cultural analysis], Vestn. Moskov. gos. un-ta kul'tury i iskusstv, № 3 (59), 128–131. (in Russian)
- Grushin B.A.(2006). Svobodnoe vremja. Aktual'nye problemy. [Free time. Actual problems]M.: Progress (in Russian)
- Jubanazarova N.S.(2015). Jas ereksheliq psihologiasy[Age psychology], Almaty: MON. (in Kazakh)
- Lakreeva A. V., Varuha L. V.(2016). Sklonnost' k risku kak faktor deviantnogo povedenija podrostkov [Risk-taking as a factor in deviant behavior of adolescents], Koncept, 24, 141–146. (in Russian)
- N.V. Grigor'eva, O.M. Maslova (2013). Molodezhnyj dosug v uslovijah sovremennogo goroda[Youth leisure in a modern city], no 2. (in Russian)
- Novikov A. M. (2007). Vvedenie v metodologiju igrovoj dejatel'nosti[Introduction to the methodology of gaming activity]. Moscow(in Russian)
- Panova N. V. (2011). Urovni razvitija osnovnyh komponentov social'nogo intellekta mladshih podrostkov[Levels of development of the main components of social intelligence of younger adolescents], Integracija obrazovanija, 2, pp. 88-92. (in Russian)
- Shmakov S.A. (2001). Deti na otdyhe: prikladnaja «jenciklopedija» uchitelju, vospitatelju, vozhatomu[Children on vacation: an applied “encyclopedia” for teachers, educators, counselors]. Moscow. (in Russian)
- Töləşova Ұ.Б.(2020). Pedagogikalıq animasiya: oqu qūralı[Pedagogical animation], Almaty: Kazakh university (in Kazakh)
- Meleshkina E.A., Saburova A.A.(2017) Innovacionnye obrazovatel'nye tehnologii v organizacii dosuga sovremennoj molodezhi [Innovative educational technologies in organizing leisure time for modern youth]Moscow (in Russian)
- Myrzabekova A.A.(2016). Osobennosti dosugovyh praktik sovremennoj studencheskoj molodezhi[Features of leisure practices of modern student youth],Bulletin of KazNU. Sociology and psychology, 3, 168-174. (in Russian)